



**Ақтау - Бозашы және Қарақия - Қаракөл мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдарының аумағындағы шаруашылық қызметіне шектеулер белгілеу туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 169 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 4313 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтау - Бозашы және Қарақия - Қаракөл мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдарының аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер белгіленсін:

1) уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, аң аулауға, балықтарды қоспағанда, кез келген тәсілдермен және құралдармен, жануарларды аулауға, жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялауға, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіруге, жұмыртқаларды жинауға жол берілмейді;

2) белгіленген режимді сақтай отырып, ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыруға (ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, шөп шабу, мал жаю) және бал ара шаруашылығына рұқсат етіледі.

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 9 маусымдағы № 407 "Ақтау - Бозашы және Қарағие - Қаракөл мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағында шаруашылық қызметін шектеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2021 болып тіркелген, 2008 жылғы 2 тамыздағы "Маңғыстау" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.А. Қашақовқа жүктелсін.

4. "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Д.Т. Құсбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*С. Трумов*